

Бекәділ Семкұл

АЙТТЫҢ НЕ...
(Әзіл-оспақ, сын-сықақ)

Қарағанды 2022 ж.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84Қаз-44

С34

Пікір білдіргендер: филология ғылымдарының кандидаты, доцент М.А.Топашов;

ҚР журналистер одағының мүшесі, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, журналистика кафедрасының аға оқытушысы Ә.Қ.Жақан

БЕКӘДІЛ СЕМҚҰЛ

АЙТТЫҢ НЕ... Әзіл-оспақ,сын-сықақ/Б.Семқұл.-
Қарағанды, 2022. -103 б.

ISBN 978-601-7119-55-3

Журналист, сатирик Бекәділ Семқұлдың «Айттың не...» әзіл-оспақ, сын-сықақ жинағын оқи отырып, күнделікте өмірде болатын талай ащы шындық, келеңсіз көріністерге куә болып, еріксіз мырс-мырс күліп езу тартып, бас шайқайтын тұстар да аз емес. Бірде өткір сатира жебесімен түйреп, осып-осып алса, бір жерде жылы юмормен еріксіз жымитады, енді бірде мысал арқылы мін, кемшілікті мойындатады, шымшыма шумақтармен шымшып-шымшып алып, әзіл арқылы осал жерінді қытықтайды. «Бетің қисық болса айнаға өкпелеме».

Бәрі өмірде бар. Еріншек, жалқау, мақтаншақ, іштарлық, даңғазалық, орашалақтық, қуыс кеуделік, «бекер мал шашпақ», жағымпаздық, жарамсақтық, өтірік, өсек, тоятсыздық, жемқорлық, нәпсіқұмарлық, ашкөздік, айналаңда болып жатқан қым-қиғаштықтар сияқты өмірдің келеңсіз тұстарын қотыр тіл, бұралқы сөзбен-ақ жеріне жеткізеді.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84Қаз-44

ISBN 978-601-7119-55-3

@Бекәділ Семқұл

БӘТЕҢКЕ ЖЫРЫ

Бәтеңкеге басында,
Бырбықтың өзі ие еді.
Інісі Тырбық
Бәтеңкесі жыртылып
Енді екеуі жармасып,
Бір бәтеңкені
Кезектесіп киеді.
Түске дейін сабаққа
Бырбық киеді,
Шөткілеп,
Жуып-сүртіп,
Кейде сабаққа
бармай қалып,
күнді үнемдеп іркіп киеді.
Ал,
Түстен кейін сабаққа
Бәтеңкені Тырбық киеді.
Тырбық кигенде
Жырғып киеді.
Тілін
Салақтатып ашып,
Қонышынан басып
Орта жолда ойыны тасып,
Тасты теуіп, басын ашып

Бәтеңкені жыртып киеді.
Өзінікі емес, неқылсын,
Тырбық несіне күйеді?

Бәтеңке екеуара болғалы
Бырбық пен Тырбықтың бастары
Піспей жүр.
Сонда да сорлы бәтеңке,
Кезек-кезек киіліп,
Әзірге аяқтан
Түспей жүр.



ТҰРАҚТАМАСОВ

Жалгер де болды,
Балгер де болды.
Фермер де болды,
Зергер де болды.
Құрылыспен байланысты,
Кәсіпкерлікпен де айналысты.
Әр істің сөйтіп,
Басын бір шалып,
Тектұрмас Тұрақтамасов
Бұл күнде
Еңбекпен қамту
Орталығына барып
Тіркеліп.
Әзірше
Жәрдем ақы алып,
Үйінде жатыр
Жылы көрпені бүркеніп.



КЕШЕ, БҮГІН...

(Бейімбеттің
«Ыбыраймын,
Ыбыраймызының»
ізімен)

Кеше:

-Қаладан Қайып кепті,
Сауда жасап,
Деп-демде
Байып кепті.
Ертіп ертең
Кетпек көрінеді
Жан жолдасы
Айықбекті.

Бүгін:

-Қаладан Қайып
Қайтып кепті.
«Косяк»
деген
бір сөзді
айтып кепті.
Сөйтіп,
Үйінен шықпайтын
көрінеді.
-Біздің Қайып

«Рэкет» деген жұмыста
Үйді қойып
Жылына
бір-ақ рет келіп еді,
«Косяк» деген
Рахат жұмыс екен,
Үйден шығудың өзіне
ерінеді,-
Деп әкесі
Ауылға «мақтанып» жүр.
xxx

Қайып болса
Өз үйінің малын өзі
Ұрлап әкетуге
Оқталып жүр.



ЖАҢСАҚ МАНСАП

Оқуын ЖОО-дағы бітіре салып,
Қалып еді жұмысқа көкесі алып.
Мансабы өсіп,
Ылғи өрде болды.
Кішкентай бастық болса да
төрде болды.
Көп оқып ізденіп,
Бас қатырудың
Керегі болмады.
Сырлыбайдың туысы деп,
Қайда болсын қолпаштап
Қолдады.
Өстіп бес жылда,
Қанша құрмет көргенін,
Өзі де жаңылып қалды.
Жуықта
Көкесінің басқарып отырған
Басқармасы
Аяқ астынан жабылып қалды.
Сәл өтпей,
Қаржыны қарпыған деп,
Жырып жеген халқынан деп,
«Крышасына» қылмысты іс
Тағылып қалды.

Сөйтіп,
Дес бермейтін ешкімге
Кешегі Жатқанбайдан
Бәрі теріс айналып,
Оның болса
Жіпсіз
Қол-аяғы байланып,
Оған ашық жолдың бәрі
Жабылып қалды.
Ұзын сөздің қысқасы,
Кешегі дөкей
Үйде бала бағып,
Әйеліне бағынып қалды.



АЛА СИЫР АЖАЛЫ

Сұғанақ
Ала сиыр
Елдің
Қорасына
Түсуге үйір.
Үйді-үйді
Тіміскілеп
Аралап жүреді.
Біреу-міреу
Көріп қалса
Қашамын деп,
Қашан көрсең
Не аяғын,
Не шабын,
Не тұмсығын
Жаралап жүреді.
Қора-қопсы,
Кілетті
Жағалап жүреді.
Сол ала сиыр –
Қомағай,
Сұғанақтығы
Дара сиыр

Сүттібайдың үйіне
Есік қараусыз қалғанын
Пайдаланып
Кіріп барды.
Босағада тұрған
Бір қап ұнды
Көріп,
Көзі тұнып
Тұрып қалды.
Жей-жей
Іші кеуіп,
Көзі аларып,
Біраздан соң
Орынында
Тапжылмай
Тұрып қалды.
Сүттібай да
Сол сәтте
Келіп қалып,
Аямай-ақ құрықталды.
Сөйтіп...
...Қомағайлығы мен сұғанақтығы
Ақыры өзінің түбіне жетті.
...Иә, кімнің несі кетті?!

АУЫЛДАҒЫ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ

–Жатқанбай

Ауылың қалай

Жекешеленді?

–Басқасы басқа

Өзімнің байлығым

Екі еселенді.

–Өй-дөйт,

Мынауың дұрыс екен.

Өзгеге

Тәжірибе етіп

тарататын

Бір іс екен

Нарыққа қарай

Мына елің

Бұрылып жатыр.

Ауылыңда,

Қалай-қалай қожалықтар

Құрылып жатыр?

-Нетіп

былай

Трактордың дұрысын

Төрт түліктің ірісін,

Тұқымымды қамбалап,

Шірімесін-шірісін,
Өзімше жобалап,
Шығысы мен
Кірісін
Алып алдым ғой
Тырысып.
–Со-сен,
Сосыны барма-ай,
Қалғаны басқасына тиіп
Жүрсін-жүрмесін
Трәктір мен
Мәшинені
Бас-басына жиып,
Малдың қалғанын,
Қисығын арбаның
Осы деп алғаным
Бөлініп кетті ғой
Шет шығып,
Қиыр қонып.
–Өмірінде
Мал бағып көрмеген
Тандырбай.
Жеті жүз қойдан
Екі жылда
Жеті қозы да қалдырмай,

Көшіп кетті ғой қалаға,
Қолдан келген соң бола ма?
Жатқырбай,
Басқаның сөзін
Жақтырмай
Малды бір қыста
Қырып тастады.
Енді егіншілікті
Қолға аламын деп
Айқұш-ұйқыш жыртып
Жердің бәрін
Тіліп тастады.
Айранбайдың
Өңеші майланбай
Құртысып жүр.
Туыстарын жиып алып
Майлы жағын жіліктің
Бір-біріне қимай
Қырқысып жүр.
Деп, бұрынғы директор
Осылай, осылай «егіледі».
...Ауылдағы жекешелендіру
Жайлы
Осы жұрт
Не біледі?!

ЖУЫНДЫ ЕКЕН

Торсықпай
Күндегі
Әдегімен
Бүгін де
Үйге
Түнделетіп
Ішіп келді.
Таңдайы кеуіп,
Ерні кезеріп,
Беті
Ісіп келді.
Қарны ашып,
Қабағы түсіп келді.
Есікті
Ақырындап
Ашып,
Өкшесімен
Басып
Ішке еніп,
Олай-бұлай жүріп,
Ішін жайлап
Бара жатқан
«У»
Жай тапқызбай

Ас үйді
Қараңғыда
Шарлап тінтіп
Жүріп,
Қолы
Кәстрөлге тиіп,
Қасықты ала салып,
Қолды мол салып,
Қарпып асап
Ішіп берді.
«Ух»
Жан шақырдым ғой,
Тамақ бер деп
Әйелімді бұлдантай-ақ
Әй, бір
«Қатырдым» ғой.
Деген
Борсықтай
Торсықпай,
Іштей
Деп қойды:
«Дәмді әрі
Жұғымды екен».

Таңертеңгілік
Тұрғанда білгені,
Торсықпайдың
Көжесі ішкен түндегі
Ас үйдегі
Әйелі құйып қойған
Жуынды екен.



ҚҰЛАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Локатр сияқты,
Айтқанды,
Естігенді
Қағып алып
Тұратын
Қалқан құлақ.
Қағыс еститін,
Қалыс еститін,
Қате еститін
Жалған құлақ.
Айтқанды
Құйып алып
Тұратын.
Бар
«информацияны»
Жиып алып
Тұратын
Құйма құлақ.
Не айтса да,
Не болып жатса да,
Бәрібір,
Төбеден тас түссе де
Селт етпейтін,
Қақпай жүре беретін

Салпаң құлақ.
Сыбырласа да,
Қыбырласа да
Естіп қоятын,
Естияр
Ерен құлақ.
Түбінен
Айқайласаң да,
Атгандасаң да
Міз бақпайтын,
«Ассалаумағалейкум!» - десең,
«Атаңның басы» - дейтін,
Саңырау
Керең құлақ.
Етпен ет боп
Жабысып
Қалған.
Шүнтиған,
Жымырайған
Шұнақ құлақ.
Қанша айтсаң да
Бір жағынан кіріп,
Бір жағынан
Шығып кететін,
Түк ұстамайтын,

Тесік шелек сияқты
Ақпа құлақ.
Естігенін
Шап етіп
Ұстай алатын
Шаппа құлақ...
Шатастырып
Бытыстырып
Теріс түсініп
Былықтыратын.
Мәселенің
Байыбына бармай
Айтылғанды
Бұрып тұратын
Шатпа құлақ.

...Айта беруге
Болатын тосылмай.
Құлақтың да
Түрлері көп
Осындай.

ОҢАЛМАСОВ

Өмірге
Келген күннен
Қадам басып.
Оңалмай жүр
Опықжер
Оңалмасов.
Мектепте
Шимайбек атанып,
Әскерде
Көрпе астына
Нан тығып жеп
Қақалып
(Шыр бітпей
сондада
Ап-арық).
Әскерден соң
Әкесі
Жетектеп
«ВУЗ»-ға да
Апарып.
Білімнің
Қыртысын
«Қопарып».
«Перваштан»

Әрі аспай,
Кілең
«Екі» алып.
Оны да
Қойып
Доғарып...
Отызға келсе де
Өмірде
Оңалмай жүр.
Опықжер Оңалмасов
Әлі күнге дейін
Өз орнын
Таба алмай жүр.



СЫПСЫҢКҮЛ

Сыпсыңкүл
Кірмейтін
Есік те,
Тесік те жоқ.
Күні бойы
Жұмыс
Бөлмесінде
Тапжылмай
Отырғаны
Әлі күнге
Ешкімнің
Есінде жоқ
Күні бойы
Анағанда
Барады,
Мынаған да барады.
Өтірік
Мүләйімсіп,
Күлімдеп
Жұмыс басты болып
Көрініп,
Жоқты
Сылтау етіп,
Дөкейден

Бөлім бастығына
Дейін
Сылтауратып
Есігін
Қағады.
Сөйтіп,
Жамандайтынын
Жамандап.
Жұмыстағылардың
Одан
Сөзіне ілікпей
Ілуде бірі ғана
Аман қап.
Өзіне керекті
«Важный»
Ақпараттарын
Алады.

Сыпсыңкүл
Сыпыра
Сөз тасып,
Араға от жағып,
Талайды
Арандатып,

Бүгін де
Осылай
Бүлдіріп жүр.
...Жұмысын
Мандыртып
Істемей-ақ
Айлығын
Күреп
Алып,
Бар ісін
Тындырып жүр.



ЖЕПШЕВ

Жепішев
Қай жерде
Қай қызметке
Қойса да,
Қарпып асап,
Жеп ішіп
Жүріп жатқан жайы бар,
Мұртының қылы
Қисаймай
Тебіскенмен тебісіп,
Келіскенмен келісіп,
Керіскенмен керісіп,
Жөн ішкенмен жөн ішіп,
Бөліскенмен бөлісіп,
Шекіскенмен шекісіп,
Өбіскенмен өбісіп.
Әсте оған
Ештеме жоламайды.
Және өзі де
Ештемеге қарамайды.
Ол сияқты
Және ешкім бола алмайды.
Қанша тексеріс болып,
Қаптап,

Келсе дағы
Толып,
Әңкүр-мүңкірше тексеріп,
Астын-үстіне шығарып
«Қазғанымен»,
Қанша актіліп
Фактілеп
Жазғанымен,
Жепішев,
Жүре береді
Өз заңы,
Өз қамымен.
Сүттен ақ,
Судан таза шығады.
Тексергендердің
Тіпті өзі,
Таусылып бітіп шыдамы,
Ең соңында,
Дұрыс екен
Бәріде деп
Тынады.
Жепішевтің,
Не күдіреті
Бар екенін
Небір

«Білгіштердің»
Өзі де,
Біле алмай
Жүр әлі.



БІЗДІҢ ҚЫРМЫШ

Жүргені
Ырс-ырс.
Күлгені
Мырс-мырс.
Қашан көрсең
Терлеп-тепшіп
Бырс-бырс.
Пысылдап.
Танауы шуылдап,
Тістенсе
Қырш-қырш.
Түстенсе
Былш-былш.
Бәрі оған
Дұрыс-дұрыс.
Болмаса,
Айтатыны,
Көштен
Қалма:
«Тырыс-тырыс».
Сосын
Тағы
Мәтелі:
«Тыныш-тыныш»

Осы бар ғой
Өзі қызық,
Біздің
Қырмыш.



БҮГІНГІ ӘН

«Бар, бар»,
«Жоқ, жоқ»,
«Чип-чип»
«Мария Могдолена».
Ой, шегім-ай,
«Қиқ-қиқ!»
«Қызыл, сары,
Қара өрік».
Бүгінгінің
Әншісімақтарына
Беріп қойған
Бар
Ерік.
Түрлі түске
Боялып,
Әндер
Солай жүр өріп.
«Чо там, чо там, қарындас»...
Бұл әндерден
Қазақ енді
Арылмас.
«Анадан қорқам,
Мынадан қорқам!».
Қорқамын

Рас
Бәрінен.

Қайран
Қазақ
Әндері-ай,
Айырылған
Сәні
Менен
Әрінен.



БІРҚАҚПАЙЛАР

КІЛТИ

Бірде бұртия қалады,
Бірде жыртия қалады,
Бірде қыртия қалады,
Бірде дүрдие қалады,
Бірде кіртие қалады.
Несіне осы,
Кілти,
Әлдеқандай болады?!!

ӘКЕ МЕН БАЛА

Бес кластық біліммен,
Әкесі жалғыз ұлын асырады.
Қу жалғыз,
Бес жыл оқыған іліммен,
Әкесінің «пенсиясын»
Алуға асығады.

СӨЙТСЕ...

Жоғарыға
Бара береді.

Жақсы қызмет ала береді.
Сөйтсе...
Пара береді.

БІР ЕСЕПШІГЕ

Жұмысқа келмеген бе, түге,-
Деп тәбілді шабаланып оқыр.
Өзінің келмеген күндеріне,
Ақшасын шытырлатып
Санап алып отыр.

ПАРАҚОР

Құлқыны құрып тұрады,
Сөзінді бұрып тұрады.
Алақаны алаған екенін,
Алақ-жұлақ еткен көзі
Шын ұқтырады.

КҮНДЕ ЕРТЕҢ

Қоямын ғой ертең,- деп.
Күнде ішеді Елпеңбек.

ТІКБАҚАЙ

Ештемеге иілмейді,
«Киім, киім, киім» дейді.
Әжесінің
Миын жейді.

АҚЫМАҚ ШАЛ

«Заманың түлкі болса,
Тазы боп шал».
Жас қызға қутындайды
Ақымақ шал.

ДӨКІР БАСШЫ

Өкірендейді, өкірендейді,
Жұмыстан кетірем,- дейді.
Түскен күні орнынан,
Көзімді шел басыпты,
Өткендеріме өкінем,- дейді.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ

Жас бала отыр орындықта сіресіп,
Қария тұр көп ішінде тіресіп.

МЫЛЖЫҢ БАЯНДАМАШЫ

Мылжыңдап, теріп,
Жауыр болғанды езіп тұр.
Есінегендерді көріп,
«Құндылығын» қанша,
«сезіп» тұр.

СУАЙТ

Ананы да алдады,
Мынаны да алдады,
Сол әдеті қалмады.
Барар жері қалмады.

ОЙЛАНБАЙ СӨЙЛЕЙТІН ТОЙҒАНБАЙ

Өмірінде бір шыбықтың басын
Сындырып көрмеген.
Бір істі аяғына дейін апарып,
Тындырып көрмеген

Тойғанбай,
Сөйлейтін
Әдетімен ойланбай.
Қоғамдарың
Қоғам емес
Деп сайрап отыр.
Әлде кімге тісін
Қайрап отыр.

ЕСЕПҚҰМАР

Есеппен жүріп,
есеппен күледі,
Құлық-сұмдықтың
неше атасын біледі.

ЕКІ ЖҮЗДІ

Көзіңше мақтап тұрады,
Былай шыға «оттап» тұрады.

АЯР

Ауыр іс болса
Аяна қалады.

Екі бүйірін
Таяна қалады.

ЖЕБІР

«Бұйыртқаны» деп қойып,
Жүріп жатыр «жеп» қойып.

ҚҰЛҚЫНҚҰМАР

Алмаса – ас батпайды,
Алса – асқақтайды.

ЖАЛҚАУ

Тегін десе
Мұртынан күледі.
Жұмыс десе
Сыртынан жүреді.

ЖЫЛПОС

Қасыңда шырқ айналады,
Шаруасы біткен соң
Сырт айналады.

ШЫҒАЙБАЙ

Байлығын жиі ойлайды,
Тиынын шығармайды.
Қайрымы жоқ, қалтырауық,
Көрдіңіз бе осындай
шығайбайды.

КҮЛЕГЕШ

Оған салсаң
Түк емес.
Ештеңе де
Мұң емес.
Атқармаған жұмысын
Істейміз ғой дейді де,
Білмегенсіп түкті де,
Жайбарақат жымып
Жүре берер күлегеш.

ӘККІ БІР ШЕНЕУНІК

Жырып жеген халықтан
Тәтті екен,

Талай қаржы бұйыртса әлі
Ап кетем.
Деп жүріп ақ өсіп кеткен
Бір күнде,
Әлгі бір қу расында
Әккі екен.

САППАС

Үйінде үнемі болмайтын,
Болмағанда,
Жиі қонбайтын
Ілімбек
Қара басып,
Әйелінің атын ұмытып қалып,
«Елігім, еркем,
Гүлім деп,
Сені көрмесем
Әдірем қалсын
Күнім» деп,
Айналып,
Толғанып отыр.
«Бұрын бұлай
еркелетпеуші еді» деп,
Әйелі болса,

Күйеуіне жүз қарап
Таңқалып отыр

ПӘЛЕҚОР

Барған жерін «кұртып» жүреді,
Тіміскілеп «түртіп» жүреді.

ЖЫЛПОС

Өтірікті шындай ғып
Құлпыртады,
Жұмыртқадан ойпыр-ай
Жүн қырқады.

«ЖЫБЫР»

«Жыбыр бар ма?»,
деп жүреді жыбырлап,
Қу құлқынын
«жүз граммен» тығындап.

СОДЫР ӘКІМ

Жұдырығымен жүн түтеді,

Қорқытып құртамын деп үркітеді.

ЖАЛТАҚ

Пікір айтар түрі жоқ,
Бітірер де түгі жоқ.
Біреуге арқа сүйемесе,
Қараң болып, күні жоқ.

СУМАҚАЙ

Жылмың-жылмың етеді,
Қылмың-қылмың етеді.
«Жасқа толып етегі»,
Сөйтіп тұрып,
Сан соқтырып кетеді.

КӨЗБОЯУШЫ

Дәреже, атақ, мақтау
Алып жүреді,
Ал жұмыстан кешігіп қап,
Қалып жүреді.

ҚҰЙТЫРҚЫ

Сөзбен шымшып шағып отырады,
Бір кінә әйтеуір тағып отырады.
«Тырнақ астынан кір іздеп»,
Әр басқан ізіңді бағып отырады.

ӨЛЕРМЕН-ЖАЗАРМАН

Аннан-мұннан ой ұрлап,
Жасап жүрген қойыртпақ.
«Жаздық қой» деп талайды,
Бөсіп отыр шай ұрттап.

ІШТАР

Озып кетсең сен одан,
Қыртысып, тыртысып қалады.
Қалып кетсең сен одан,
Көзі шоқ боп жанады.

КҮЙГЕЛЕК

«Сәтгілік» те күлмеді,
Жұмысым да жүрмеді».
Қашан көрсең осылай,

Күйіп-пісіп жүргені.

ҚУЫС КЕУДЕ

«Мен, мен» деп,
Көкірегін қағды.
Жүргенімен өңмендеп,
Арғы жағы шамалы.

КЕРБЕЗ КЕЛІНШЕК

Бұлаңдайды,
Бұраңдайды.
Бастығының алдында,
Қылымсымаса тұра алмайды.

«ҰМЫТШАҚ»

Алғанын қайтармайды,
Алдыңда қайқаңдайды.
Дым білегенсіп,
Тағы қарыз сұрап тойтаңдайды.

ПӘТУАСЫЗ

Жиналыста «қойдым» деп

Алқынып тұр,
Тартпасында таусылмаған
Жартылық тұр.

ҰРЫНШАҚ

Мойнына бірдеме
Ілдіріп жүреді,
Не әйтеуір бірдеме
Бүлдіріп жүреді.

МАНДЫМАС

Тау қопарар жастағы.
Қаламайды басқаны,
Күзетшілік, қарауыл,
Әрі кетсе асқаны.

БҮГІНГІНІҢ ҚУЫ

Пайда табуды қалап,
Көңілі соған ауып тұрады.
Басқаны ақымақ санап,
Өзі қулық сауып тұрады.

МИНЕГІШ

Кекетіп, мұқатуға жанып тұрады,
Бір мін тауып әйтеуір
шалып тұрады.

АЛБА-ЖҰЛБА ОЛ ДА СӘН

Демей-ақ қой дауласам,
Алба-жұлба ол да сән.
Жыртық киген заман-ай,
Нансаң да сол, нанбасаң.

ТІЛАЗАР БАЛА

Жұмсасаң, жыр ғып,
«Қазір, қазір» деп қояды.
Діңкеңді құртып,
Әй, нервiңдi жеп қояды.

ДӘРІГЕР ҚАБЫЛДАУЫНДА

Адамға қараған
Емес,
Қағазға қараған
Заман болды.

Ауырып
Барып едім
Дәрігерге,
Маған емес
Бұрқыратып
Қағаз жазып.
Компьютерге
Үңілумен
Мені қарағаны
Тәмам болды.
...Сөйтіп
Жаман болды.

ДАСТАРХАН БАСЫНДА

Бұрын:
Арқа-жарқа
Отырушы ек
Әңгімемен
Бөлісіп.
Бүгін:
Арпа-тарпа
Бас салып,
Жатқанымыз
«Соткаменен»
Өбісіп

САТИРАЛЫҚ ЖҰМБАҚТАР

ЖОҚ,ЖОҚ, ЖОҚ...

Ашылған

Аранда жоқ.

Баукеспе

Арамда жоқ.

Қарыз алған

Адамда

Жоқ.

Жемқорлық жайлаған

Заманда жоқ.

Жоқ, жоқ, жоқ...

Бөспеде жоқ,

Еспеде жоқ.

Түнгі клуб

Кеште де жоқ.

Салбыраған қарыны

Месте де жоқ.

Жоқ, жоқ, жоқ...

Уәде бергіште жоқ,

Шақырусыз келгіште жоқ.

Ішіп алған

СЫҚПЫТСЫЗ
Өң-түсте жоқ.
Жоқ, жоқ, жоқ...
(тяҰ)



САТИРАЛЫҚ ЖАҢЫЛТПАШТАР

Коррупция жасайтын
Жай халық па,
Бай халық па?
Бай халық па,
Жай халық па?

Кім пара алды,
Кім ғана алды,
Кім қамалды?

Үйсіз көп пе,
Күйсіз көп пе,
Сыйсыз көп пе,
Мисыз көп пе?

БІЛМЕСБЕК

Мотордан бір кілтипан болды,
Деп сылтаулап бұртиған болды.
Сөйтіп тағы да салып жіберді,
Май темірдің ішіне
Тыртиған қолды.
«Көкшолақ бәрібір жүрмеді,
Қай жерінде кілтипан,
Білмеген соң,
Миына да кірмеді.
...Аана-аауу келіп,
Рөліңді бұр деді.
Ммыын-аауу келіп,
«Көкшолағың кір деді.
Тағы бірі
Босап қалған
Гәйкілерін іл деді.
Енді бірі
Салдыр-гүлдір
Болса да,
Орнынан қозғап,
Тоқтамай,
Шыр айналып жүр деді.
...Әркімнің айтқан ақылынан
Ақырында

Білмесбектің миы,
Әбден ашып кетті.
Машинаны тастап,
Сол жерге.
Ауырып тұрмын деп,
Басын ұстап,
Сылтауратып
Қашып кетті.



ӨСЕМІН ДЕСЕҢ

Бастығыңның
Қасында
Сөмкесін
Көтеріп жүр.
Ол
Жөтелсе
Сен де
Жөтеліп жүр.
Костюмінің
Жеңін кигізіп,
Күртесін
Иығына жауып.
Топлиының
Бауын
Байлап,
Көңілін
Тауып.
Талтайып жүрсе,
Талтайып жүр.
Шалқайып жүрсе,
Шалқайып жүр.
Құлағыңды
Түріп,
Жан-жағыңда

Не боп
Жатқанын біліп.
Тып-тыныш қана
Жеткізе ғой
Басекеңе кіріп.
Бірақ
Түк білмегенсіп
Маңқайып жүр..
...Сонда
Бәрі
«Нормальный» болады.
Жалақың да
Жоғары.
Қызметің де өсіп,
Көңілің де
Толады.
Қысқасы,
Білсең
Болды
Осыларды
Шамалы.

ОСЫ, НЕСІНЕ КҮЛЕМІЗ?!!

Бұрынғының
Күлкісі-ай.
Жазылатын
Құртыс-ай.
Ішінен
Ақтарыла
Айтқан.
Көпшік қойып
Көпіртіп
Мақтабырақ айтқан.
Тауып айтқан.
Қауып айтқан.
Ауып айтқан.
Әдемі айтқан.
Теңеп айтқан.
Тамағын
Кенеп айтқан.
Шымшып айтқан.
Қыршып айтқан.
Төбеңнен таспен
Ұрып жібергендей
Айтқан.
Денеңді бүрістіріп,
Бүріп жібергендей

Айтқан.
Ерініңді түріп жібергендей
Айтқан.
Сөйтіп айтқан,
Бүйтіп айтқан,
Ойхой қазақтың,
Таусылмас
Әзіл-қалжың,
Кейде шолжың
Сөздері-ай!!!
Бұзылмаған
Әзіл-қалжың
Кездер-ай!!!
Содан кейін
Күлмей көр.
Бір-біріңді
Астарымен «сүрмей» көр..
Шегің қатқанша
Немесе
Түйілгенше
Күлесің.
Шалқайып күлесің.
Талтайып күлесің.
Аңқайып күлесің.
Еңкейіп күлесің.

Етпеттеп жатып
Күлесің.
Шайға шашалып күлесің.
Тамаққа қақалып күлесің.
Жымиып күлесің.
Жыртыып күлесің.
Ыржиып күлесің.
Бұртыып күлесің.
Мыңқиып күлесің.
Шыртыып күлесің.
Тыржиып күлесің.
Ырбиып күлесің
Езу тартып күлесің.
Шынымен-ақ,
Шалқып күлесің.
Қарқ-қарқ күлесің.
Саңқ-саңқ күлесің.
Тоңқ-тоңқ күлесің.
Әйтеуір ... күлесің...
..Ал, қазір ше...
Ватсапты ашып
Ашық-шашық
Наданға күлесің.
Несие алып
Той жасаған

Адамға күлесің.
Қарыз алып,
Айлап-жылдап
Қайтарып
Бере алмай қалып.
Иесі болса,
Табанынан
Таусылып,
Өзі іздеп барып,
Өз ақшасын өзі
Ала алмай налып,
Айтқанда барып,
Не айтарыңды
Білмей қалып,
Ұялған тектұрмас деп
Бетпақтана күлесің.
...Төл теңгең құнсызданып,
Қоғам,
Бірауық үнсіз қалып.
Баға шарықтап,
Тауар қалықтап,
Кедей-кепшік
Арықтап,
Несие пайызы
Қуғанға

Жеткізбей кеткенде.
Бетінен
Өпкізбей кеткенде.
Өзгере қалып
Деп-демде.
«Бұдан да
Жаманымызда
(Ойлап тапқан
Амалымыз ба)
Тойға барғамыз.
Сонда да
Ойнап-күліп
Ән салғамыз
Деп
Мақсатсыз күлеміз.

Десек те
Бәрін білеміз.
Осы,
Несіне күлеміз??!!...



ҚЫСҚАРТУДЫҢ ҚҰЙТЫРҚЫСЫ


Қысқарту жайлы
Мекеме басшысы
Сөз қылды.
Жиналысты
Ұзаққа созбай
Тез тынды.
Тапсырма алған
Орынбасарлары
«Құртамыз,
Бәрін қысқартамыз» деп
Кәдімгідей-ақ желпінді.
«Бөлім бастығы
Көкеңнің бажасы екен,
Бас маман
Орынбасар
Тойғанның
Ағасы екен.
Шаруашылық бөлімін басқаратын
Бәлі,
Нәкеңнің
Баласы екен.
Күрембай

Саған
Бөле ғой.
Дүлейбай да.
Оңай көне
Қоймайтын пәле ғой» деп,
Бірінші орынбасар
Кәдімгідей
Абыржып
Қорқақтап қалды.
«Қиналатын несі бар,
Бір амалын табамыз», -
Деп езеуреп,
Қаржы жөніндегі орынбасар
Үстелді тоқпақтап алды:
«Ана бөлімде отырған
Есуар,
Соны қысқартып жіберсе
Несі бар,
Босбелбеу,
Жүреді ғой бос көрінеу.
Шүленбайдың
«Қрышасы» шамалы.
Кеп тұр ғой
Міне
Амалы.

Осы үшеуі
Бір жолы
Қысқартуға
Келеді екен»

***.

Штат қысқарту да
Қарап отырсаң
Құйтырқысы көп
Әлек
Екен.



ТАНЫС ПЕН «ШАНС»

Оқуды тәмамдап,

Жоғары білімді

Маманмын деп

Қоқаңдап.

Дипломды алып,

Төрт бүктеп

Қалтаға

Салып.

Табалдырығын

Тоздырып

Талай жерге

Барып.

Есігін қағып,

Көңілім

Қалып.

Біреуі де

Есігі түгілі

Тесігінен

Қаратпай

Күндіз-түні

Ары-бері шауып,

Далақтай.

Жұмыс бар деп

Біреуі де

Жаратпай.
Сөйтіп,
Далада
Қалып.
Қара базарға барып,
Бір
Арбаны алып,
Бір жыл
Сүйреттім.
Өзім сияқтылардың да,
Біразын үйреттім.
Сөйтіп жүргенде,
«Өлмегенге – өлі балық»,
Бір
Ауылда туған,
Жерлес ағам,
Шәріп
Кездесіп қалмасы
Бар ма...
Өзі қазір
Дөкей екен.
Хал-жағдайы
«Окей» екен.
Сөйтіп,
Жолым болып,

Жұмысқа алды.
Бар қиындық
Артта қалды.
Бүгін
Аттай маманмын.
Кәдімгідей
Адаммын.
Айтпағым:
Жұмысың
Болу үшін,
Не дөкей «көкең»,
Не қалтаң қалың
Бекем болу
Керек екен.
Қысқасы,
Онсыз
Қалің оңбайды,
Жұмысың
Болмайды.
Тоқсан ауыз
Сөздің
Тобықтай түйіні:
Таныссыз
«Шанс» болмайды.

БАЙИМЫН ДЕСЕҢ...

Үйіңе
Біреу
Келсе
Жарылып кетердей
Бырысып,
Тырысып отыр.
Бір-біріңмен
Қоймай
Дауыс көтерісіп
Ұрысып отыр.
Сонда
Үйіңе
Бір жан
Келмейді.
Сен
Қабак
Бермеген соң,
Ешкім де саған
Ештеме
Бермейді.
Қоя жесең
Қой қалады.
Тарта жесең
Тай қалады.

Ешкім
Келмеген соң,
Шыр бітіп,
Бөтеген томпайып,
Қарның қампайып,
Мұртың майланады.
Бар
Жиған-тергенің
Өзіңнің
Байлығыңа
Айналады.
Тамақты да
Шақтап
Іш.
Бірнеше
Күнге
Жететіндей етіп
Сақтап іш.
Той-томалақты
Атама.
Әгәрекім
Барып қалсаң
Абайсызда.
Төңіректеп,
Пайдасы

Барларды ғана
Жағала.
Көңіл көтерсең
Басқаның
себінен болсын.
Қалай
Болғанда да
Қалтаң
Ақшаға толсын.
...Байимын десең
Дара жүріп
Ала жүр,
Ешкімге де
Қосылмай.
Қадамдар істе
Осындай.



ЖЫРТТЫЙ МЕН ТЫРТТЫЙ

Жыртый
Қашан көрсең
Жыртыып,
Жырбыйып
Мәз болып
Екі езуі
Екі құлағына
Жетіп жүреді.
Талай жерден
Жыртыйғанның
Арқасында
Аман-есен
Өтіп жүреді.
Иә,
Олай-бұлай
Амалын тауып
Бәрінің
Тігісін жатқызып,
Әйтеуір
Нетіп жүреді...
Ойлағанын орындап,
Жөн-жосықсыз «дарылдап»,
Дегеніне
Жетіп жүреді.

Тыртый болса,
Тыртыйып,
Тыртысып,
Құрысып.
Сәл нәрсеге
Ұрысып.
Ештеме жақпай,
Өзінен де,
Өзгеден де
Ұнатарлық
Дәнеңе таппай.
Кейде
Басы қақпай
Мыңқиып жүреді.
Риза болмай
Өмірге
Бұртиып жүреді.
Сонысынан болар,
Несібесінен қағылып,
Үнемі
Құнтиғандардың
Қасынан табылып
Жабығып
Жүреді.
Ісі оңбай,

Жағдайы болмай,
Босқа
Сабылып жүреді.

Жыртый
Ісі жүрген соң
Жырттыды.
Ал, Тыртый
Несіне
Қыртыяды?!!!



«ХАЛАЛ» ТОЙ

Жақында
Халал
Тойға бардық.
Сізге өтірік
Маған шын
Біраз
Ойға қалдық.
Ас мәзірінің
Не бір түрін
Алдымызға
Үйіп қойды.
Халал деген
Тойыңыз,
Оны да біліп
Қойыңыз.
Ішімдік мүлде
Болмайды
Деп
Асаба
Сөзінің
Біссімілләсін
Бір
Түйіп қойды.
ҚЫЗЫҚТЫҢ

Көкесі
Құдаларды
Күткенде болды.
Рөмкелер
Күткендей
Толды..
Әйдік
Шәйнек келіп
Алдарына,
Құйылды-ай
Дейсің
Жастарына да,
Шалдарына.
Басқа
Үстелдегілер
Тыныштық
Сақтады.
Ал
Құдалар
Жағы
Той-той-ақ
Деп
Жеріне жеткізіп
Жатып кеп
Мақтады.

Қойшы сонымен
Ұзын сөздің қысқасы
Той иелері
Құдалар жағын
Кәдімгідей «баптады».
Тойға келген
Басқа қонақтар
Дәнеңе де
Татпады.

Сөйтіп,
Құдалар жағы
Қызынып
Қызып қайтты.
Айтып-айтпай не керек
Тәп-тәуір
Халал тойдың
Сәнін
Бұзып қайтты.



МӘНІ АУЫСҚАН ТІРКЕСТЕР

Тоқтамас – тариф.

Қуып жеткізбес – баға.

Жауыр ат – несие алған адам.

Қорқынышты – пайыз.

Тасбақа аяң – жалақы.

Арзан – ар..

Таптырмас – ұят..

Арман – жұмыс.

Құдай емес,
Құдайдан былай емес –
Жұмыс беруші.

Өгіз өлмес,
Арба сынбас –
Өзін-өзі жұмыспен қамтушы.

ӘЗІЛ -ШЫНЫ АРАЛАС

КРЕДИТ АҒАЙ

Алғашқы курс. Қысқы семестрде диалектология курсынан емтихан тапсырдық. Бәрімізді де «әйнем» деп әншейінде еркелетіп, езу жиғызбай отыратын, майда жүрісті, айна маңдай Айтқанбай ағайымызды емтихан үстінде танымай қалдық.

Қабағын қарс жауып, жауар бұлттай түнеріп алған. Әншейінде айта беретін әзілі түгілі бүгінгі тап бір кейіпі түк білмес болып түксиген де қалған.

–Кір.

–Отыр.

–Дайындал.

–Әзірсің бе?

–Жауап бер.

Шпорымды аламын деп ышқырыма қол салайын деп ыңғайлана беріп едім, біліп қойды.

–Тыныш отыр. Әйтпесе шығарып жіберемін.

Бір уақытта кезегім келіп, мен де шықтым-ау. Жаным мұрынымның ұшында. Онша біліңкіремеймін.

–Айта бер, – деді.

Айтып жатырмын.

–Тоқта, – деді.

Тоқтадым.

–Соқыр тауыққа бәрі бидай деп... Сонда, солай айта беру керек пе?

Бірдеңе айтқан сияқты едім.

–Не... бала?

Менде үн жоқ.

–Шикі болдың, бітті білмейсің. Кредитке тапсырамын десең, оны ойлан. Қойып беремін. Тек, бағанды айт, неше екенін. Бірақ, кейін сол бағаға тапсырасың.

–С-сс-сон-да...

Оным түсініңкіремей отырғаным.

–Тез айт.

–Т-т-төрт, – деп қалдым.

Аузымнан шығып кеткенін өзім де байқап үлгермедім.

Ведомосқа «төрт» деп жазып, қолын қойды да, «зачеткаңа» тапсырғанда қоямын" деді.

«Бастысы ведомосқа қойылса болды емес пе? Енді не керек» деймін өзіме-өзім риза болып.

Үстімнен бір үлкен жүк түскендей.

Менен кейінгі бірнеше курстасыма да «кредит» баға бұйырыпты.

Бірақ... бар пәле кейінде екен. Ағайдың алдына алдымыз үш-төрттен барғанымызбен, бағаны зачеткаға қойдырта алмадық. Бір күні тапсыруға тағы оқталып келе жатсам, оқу орнын бұрын бітіріп кеткен бір таныс жігітпен автобус ішінде кездесіп қалдық.

–Осындай да осылай, – деп жосылтпаймын ба.

–Пәлі, ымға түсінбес, дымға түсінбес». Ол біздің бастан өткен шаруа.

–Білсең енді, амалын айтсаңшы.

Үш дегенің үш мың, төрт дегенің төрт мың...

Қарқ-қарқ күледі әлгі. Мен жол бойы ойланып, төрттік үшін төрт мыңды зачетканың ішіне атып ұрып, жеттім-ау.

Емтихан алатын ағайым кафедрада отыр екен.

–Бос аудитория іздеп тап та, маған айт, – деді.

Бір аудиторияда екеуіміз. Әлгінің айтқанын салған қызыл қатырма қағазымды сырғытып, оқытушының алдына қойдым да, үстелге жайғасып, сұрақ күтіп отырмын. Тапсырма берді. Берген сұрақтарының бәрін білемін. Ішім удай ашиды бір жағынан. Пенде емеспін бе, білетінімді білгенде бермес едім-ау, ананы...

Дайындалғансып, оқытушы жаққа көз қиығын салып едім, бір жымың ете түсті.

Сосын маған қарап:

–Әй, осы сен кітапты жаттап алатын уақытың болды, мен білсем. Тез кел де жауап бер, – деді.

Алдына отырып айта бастаған едім:

–Әне, біліп тұрсың. Осылай дайындалу керек қой баяғыдан, – деп, зачетканы ашып, бағаны да қондырып үлгерді.

–Жә, тапсырдың, – деп зачетканы маған беріп жатып, ішіндегіні ішкі қалтаға сондай ептілікпен лып еткізді.

Қуанышым қойныма сыймай далаға атып шықтым.

Сөйтіп, қашан оқу бітіргенше «кредит ағаймен» тату болып алдым.

Қу құлқын-ай, қулығың көп қой сенің.

Содан бері қаншама жыл өтсе де сол бір «кредит ағай» ойымнан кетпейді.



ЕМТИХАННАН ҚҰТҚАРҒАН «ҚҰЙЫРШЫҚ»

Ертең филфактың үшінші курсына оқитын біздің неміс тілінен емтихан тапсыратын күніміз. Оқытушы апай емтиханға келгенде, неміс тілінен қазақшаға аударған екі бет мәтіндерің міндетті түрде болу керек деп қадап айтқан. Ол менде жоқ.

Аялдамада автобус тосып, дүңгіршектегі газет-журналдарды қарап тұр едім, «Құйыршық» деп немісше, қазақша, орысша жазылған суретті кітапшаға көзімнің түсе қалғаны. Сұрап алып, қарап едім. Көкпен іздегенім жерден табылды. Құдай берейін десе «форточкадан» да береді екен. Емтиханға керектімді табан астында тауып алғаным қатты қуанып, мәз болып, сатып алдым. Үйге

барып, немісше жазылған алғашқы екі бетті жыртып алдым да, қазақшасын өз қолыммен қайыра көшіріп жаздым. Ондағым, өзім аудардым дегенді білдіру ғой. Сөйтіп, сақадай-сай ертеңіне емтиханға келдім. Әйтеуірі, аударған мәтінім бар ғой деп, бірінші кірдім. Басқа сұрақтарға жауап беріп болған соң мәтінді сұрады. Немісше мәтін мен өзімнің «аудармамды» көрсеттім. Сөйтіп, емтиханнан «жақсы» деген баға алып шықтым. Аудитория алдында тұрған, әлі кірмеген курстастарым жапа тармағай мені бас салды. Қаумалап «не болды, қалай болды, неше қойды? Мәтінді сұрады ма? - деп, жан-жағымнан шаужайлап, есімді шығарып жатыр. «Осылай да, осылай» деймін. «Бізге де бер» дейді. Өзім жыртып алғаннан қалғанын, дипломатымнан алып, курстастарыма үлестіріп бердім. Қазақша аудармасын өз қолдарымен асығыс-үсігіс қайыра өздері көшіріп алып, емтиханға кіріп жатыр. Шығып жатыр баға алып. Маған риза бәрі. Емтиханның орта тұсында кірген, Ермек те тапсырып шықты. Екі езуі екі құлағында. Ішін басып күледі-ай келіп. Қоятын емес.

«Ей, не болды, айтсаңшы десек, қолын бір сілтеп қойып ал келіп күледі. Оқытушы апай: «Сенікі де «Құйыршық па?» - дейді. Сосын, «Бәрің Құйыршықты қайдан алғансыңдар?» - деп күліп жіберді де, «төрт» қойды дейді.

Сөйтіп менің газет-журнал сататын дүңгіршектен сатып алған «Құйыршық» деген ертегі кітапшамның неміс тілінен емтихан тапсырған курстастарымның жартысын бір құтқарғаны бар. Есіме түссе, әлі күнге дейін шек-сілем қатып бір күліп аламын.

МАНТЫҒА ТОЙЫП АЛЫП, ЕТ ЖЕУ

Үйленгеніме жарты жыл болған, жас отбасымыз. Келіншегім үйде, аяғы ауыр.. Кеңшарда комсомол ұйымының хатшысымын. Әке-шешем бөлімше орталығында тұрады. Жаздың күні, ойымда түк жоқ жұмыс кеңсемде отыр едім. Алдымдағы телефоным шылдыр ете қалды. Көтерсем, арғы жақта менімен жайшылықта сөйлесе қоймайтын, «совхоз» директоры, маңғаз Таймас Мызғыбаевич гүж ете қалғаны.

-Маған жолығып кетші.

Бір аяғым мында, бір аяғым анда асығыс, өкпемді қолына алып (ол кезде директор дегенің жарты құдай), ат шаптырым кабинетіне кіріп барайын.

Ауатком төрағасының бірінші орынбасары болып істейтін, қайынатамның ағасы Оңтай Өскенович отыр директор кабинетінде.

Жұмыспен келіпті. Қысқа амандық-саулықтан соң:

-Асығыспыз. Сен үйге барып, күйеу бала, шай қойғыздырта бер. Кішкенедең соң барамыз. Көп бөгелмейміз, - деді.

Жан ұшырып үйге жеттім. Келіншегіме айтып, оны-мұны әзірлік жасадық қысқа уақытта. Күн жаз, ет аз. Үйдегі барымен базарлап, дайындап, манты да пісті дегенде. Қайнағам, қасында директор, ауылдық кеңес төрағасы бар үйге сау ете түсті. Дастарханға буы бұрқырап манты мен екі иығынан демалып самаурынмен шай келіп, қонақтар үстөл басына жайғасты.

Әңгіме дүкен құрысып, ара-арасында «үстепкені» көтеріп, алып қойып, біршама отырғанан кейін, қайнағам қасындағыларға:

-Біраз сызып жіберсек қайтеді,- деді.

Олар болса құптай кетіп, дастархан үсті жиылып, карта таратылды. Ойын қызды. Мизердің «қызығына» түскендер, ара-кідік «шыққан қол» үшін «отметка» жасап алып та қояды.

Бір уақытта қайнағам қарынын сыйпап қойып,

-Күйеу бала, мантиға тойып алдық, етті қай жерімізге жейміз,- деп айтып қалмасы бар ма.

«Сасқан үйрек артымен сүңгидінің» кебін киіп, естісем де, естімеген сыңай танытып, қастарынан сытылып шығып, ас үйдегі келіншегіме келіп айттым. Сасайық дедік. Шай ішіп қана кетеді деген қонақтарымыз, асықпай отыратын сыңайы бар. Соя қоятындай, қолда ұсақ мал ұстамаймыз. Не істемек керек? Көрші үйге жүгіріп бардым амалсыздан.

-Аяқ астынан қонақ келіп қалды. Бір марка қарызға бере тұрыңыз. Сосын үлкен үйден орнына әкеліп беремін. Ұят болайын деп тұр. Құтқарыңыз,- деп едім. Үлкен кісілер еді. Келісе кеткені. Қуанғаным-ай сондағы.

Ауыл шетінде жайылып жатқан мал ішінен бір жақсы дегенін таңдап, әкеле салып, есік алдындағы қалқан астында тез-тез сойып, басын да үйтіп, «ух» деп қазанға салдық-ау. Картаның қызығы аяқталғанша, жас малдың еті де деп-демде балбырап пісті. Дастарханға табақ тартылып, қонақтарымыз марқа етін жеп, риза болып аттанды.

Үйленгенімізге жарты жыл ғана болған, әлі қонақ күтіп үйренбеген, көп нәрсені біле қоймайтын кезіміз ғой. Сонда да болса, аяқ астынан үлкен қонақ күтіп, «сыннан» мүдірмей өткен, қонақтарды мантиға тойғызып, артынша ет жегізіп риза еткен осындай бір қызық оқиға болған, - деп әңгімесін аяқтады пойыздағы купелес көршім.

Шексілеміз қатып бір күліп алдық.

ҚАЙ ШЕШЕН АЙТТЫ?

Қуаныштың педколледжді бітіріп, мектепте сабақ бере бастағанына төртінші жыл. Бірінші сыныпта қабылдап алған балаларын биыл қанаттандырып, алғаш рет жоғарғы сыныпқа шығарып салады.

«Атымның сыры өзіме мәлім» демекші, жиырма бес шәкірті немен тыныстайды, біліп-ақ алған.

Әдеттегідей бүгін де әдебиет сабағын жүргізіп жатқан. Бірінші сыныпта өткен Ыбырай Алтынсарин өлеңдерін қайталады.

–Балалар, «Оқысандар балалар, шамнан шырақ жағылар» деген өлеңді қай шешен айтты? Қайсысың айтасындар, қанеки?

Сыныптағы әншейінде қол көтере беретін Елдос, Ержан, Жамалдар да үнсіз. Айтатын емес.

–Не, білмейсіңдер ме?.. Әлде... бір-бірлеп орындарыңнан тұрғызып сұрайын ба?

Артқы жақтағы Жарқынбай қопаң етіп, орнынан қозғалақтап қойды. Айтқысы келіп отыр шамасы. Бірақ, отыра тұрсын. Басқалары біле ме екен?

Парта арасымен қолын артына қайыра ұстап, арлы-бері аз-кем жүріп, тақта алдына барды да алдындағы оқушыларға барлай қарады. Бірі етпеттей бұғынып, алдындағы бойшаңдарының артынан көрінбей тығыла түседі. Терезе жақ шеткі партада отырған Қайрат пен Айбат бір-біріне бірдеме айтып,

екі езулері екі құлақтарына қайта-қайта жетеді.

–Айбат, нелеріңе жетісіп отырсыңдар, түр орныңнан. Не айтылды, құлағыңа ілдің бе?

–Тыңдап отырмын, мұғалім.

–Ал, шын тыңдап отырсаң, айта бер онда. Өзін бір жағынан күлкі қысып бара жатқан секілді.

–Қай шешен айтты деймін саған? Жауап бер жаңағы сұраққа?

–Дудаев, – деді саңқ етіп.

Сынып іші қыран-топан күлкі.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ». «Қазақтың тұңғыш ағартушы педагогы» деп дұрыстап айта салса ғой,.Сөзді дұрыстап қолданбаған өзінен де бар

ӘЙ,МӘДЕН ЖЕЗДЕМ-АЙ

Мәден жездем аласа бойлы адам. Өзі жылдам. Тілі қыршаңқы. Үнемі қызара бөртіп жүреді. Біздің білетініміз ертеден ауылда сатушы. Азық-түлік дүкенінде істейді.

«Ақшаң жетпесе, Мәденге бар» дегенді баламыз ғой, жөнді түсінбеуі едік. Сөйтсек,

бас жазғысы келіп, араққа ақшасы жетпегендер сонда барады екен. Ол кезде бір бөтелкең көп болса үш-төрт сомның айналасында. «Пәлен сомның арағы міне, саған, ал мынауысы» деп шотты ары-бері қағып жіберіп, бөтелкенің аузын ашып, жетпей тұрғанын қырлы стақанға құйып алып қалады екен. Оған әйтеуір алғанына мәз басы ауырғандар да риза, өзі де риза. Бір жерінен есебін тауып орнына келтіріп, әлгіні тартып алып, түк білмегендей саудасын жасап тұра береді екен. Сол Мәденнің бізге жезделігі бар-тұғын. О, шіркін дүние-ай, әңгімесі де көп еді-ау.

Бір күні өзінің туған қайнысы Ізтан мен қасындағы құрдасы Тілеулеске өзенге суға түсуге алып барады. Ыздиып ағып жататын ауыл шетіндегі өзеннің жайылып ағатын тұсы жаяу-ақ баратын екі-үш шақырымдық жер еді. Бөтелкелерін қыстырып, жұмыстан соң сонда тартып кетеді. Апарғандарын ішіп, суға түсіп, көңілденіп, біраз жерге барған олар енді қайтпаққа жинала бастайды. Бес-он метр жүре ме, жүрмей ме тәп-тәуір қастарында келе жатқан Ізтан «аяғым» деп жерге отыра

кетеді. «Не болды? дейді ғой, «Аяғым» деп аяғын ұстаған қалпы шыр-пыр етеді. «Жанымды шығарып барады, сынды-ау деймін» дейді. Енді не істемек керек. Жандары қатты қысылады. Жездесімен бірге барып аяғы сынды деген тағы жақсы емес! Қой болмас, арқама мін, не де болса демала-демала жеткізермін» деп арқалайды. Қастарындағы Тілеулестің көтеруге шамасы жоқ. Өзі ішкен, өзі кішкентай адамға еңгезердей жігітті көтеру оңай ма? Маңдайдан шып-шып тер шығып, шықпаған жанымен зорығып, ауыл шетіне де ілігеді-ау. Осы кезде Ізтан қайнысы болса «жерге түсіп басып көрейін, сізге де сөз келіп жүрер, ауырғаны аздап басылған секілді» дейді. Түсіре салысымен, аяғын тез-тез басып, сапсау жүріп кетеді.

«Ух, қалай жетемін деп шаршап едім, жезденің жақсылығы осындайда екен ғой, көп-көп рахмет» дегенде барып балдызының алдап соғып, қатырғанын бір-ақ білген Мәден осысын алдынан бір қайтаруға бекінеді.

Қаймағы бұзылмаған қазақ ауылы ғой. Ауыл ортасын қақ жарып өзен өтеді. Оның

бергі жағында тұратын беткейдегі 8-ші ауыл, арғы жақ бетіндегілерді 5-ші ауыл деп атайды. Мәден жездем сол арғы жақ бетте тұрады.

Бір күні аудан орталығынан кезекті бір жүкке барып қайтады. Әңгіме де осы жерден өрбиді.

Дүкенге сауда жасауға келген жақын қайынбикесіне: «Дүкенге қойдың қайырылған құйрық майы келді, тамақ істегенге жақсы көрінеді, тығып көрсетпей берейін, өзі аз-ақ келіп еді» деп қалбырды ашып жіберіп, тездетіп салып бере қояды. Ізтанның үйіне де жолай айта салыңыз, олар да алып алсын» дейді. Қайынбикесі болса рахметін айтып, тездетіп Ізтан үйіндегі келінді де жібере қояды лезде.

Дүкенге келген оған ыммен тоқтай тұр деп, алдында кезекте тұрғандарды тездетіп босатып жіберіп, «тез әкел ыдысыңды, ел келмей тұрғанда» деп салып беріп қайтарады. «Сыбырлағанды құдай естімейді ме дегендей тағы біраз көңіл жетер үй алады қайын жұрты жағынан.

Ертесіне Мәден өз дүкенінің сәресіне «Шошқаның қайырылған майы» деп жазып, іліп қояды. «Мынау не ақ май дегендерге, «е, әлгі біздің Ізтан қайным әскерде шошқа майын жақсы көруші едім, ана жолы аудан орталығына барғанда дүкенде тұр екен, сіз де әкелмейсіз бе? - дегесін әкеліп едім, кеше сол үй бастап арғы жақтан біраз үй алып кетті, түгі де жоқ, дәмді деп жатыр алғандар» дейді де мән бермегенсіп қоя салады.

Ол әңгіме Ізтанның үйіне де, басқа алып, тамақ істеп ішіп қойғандардың да құлағына жетеді. «Ұят болды, енді не қылдық, Мәден күйеудің әдейі істегені болды бұл» деп не істерлерін білмей сасады. Бұл кезде «8-ші ауыл шошқаның майын жепті» деген сөз таралып үлгерген еді.

Қайран Мәден жездем-ай, ауылдың әпендісі еді ғой.



Бірде...

-Соншама үңіліп не көріп жатсың балам? - деді теледидар тұрған бөлмеге кірген әжесі.

-«Қайрат»командасы ғой, әже, футбол ойнап жатыр.

-Әй, балам-ай, бір допқа таластырып қоймай, әрқайсысына бір-бір доптан бере салмай ма екен оданда, - дегені бар емес пе.

30 сәуір дегенге көзі түскен ағасы 2 сыныптағы інісіне:

-Еркен, күнтізбеде нешесі деп жазулы тұр? - деп сұрады

Бөгелмей жауап берген Еркен:

-«30» деп жазып қойыпты деп қарқылдап күліп жібергені бар емес пе..

Еркен әртүрлі сұрақ қойып мазалай бергеннен кейін, қасында отырған ағасы оның сұрағынан құтылмақшы болып:

-Басым айналып отыр, мазамды алмашы, - дей салған.

Сөзін іліп әкеткен төртінші сыныптағы Еркін:

-Қалай қарай айналып отыр, оңға ма, солға ма? - деп салғаны бар емес пе.

Соғымды ерте сойып алған Қуат, көрші әрі сыныптасы Дулатқа мақтаныңқырап:

-Соғым соймадыңдар ғой, не жеп, азық етіп жатсыңдар, - деп қалса керек. Оның сөзін іліп әкеткен қушыкеш Дулат:

-Бір-біріміздің құлақ құрышымызды етін, - депті саспастан.

Шаруашылықтағы мал азығын дайындайтын бригаданың бригадирі еңгезердей Ерденді қол астындағы екі тракторшы жабылып соймақшы болады. Ішіндегі батылдауы Қуат, Еріктен бұрын Ерденнің жағасынан ала түседі. Еңгезердей Ерден болса екі бұрап астына салып, қылқындырып жатса, жаны мұрнының ұшына

келген Қуат, болыспай қорқыңқырап тұрып қалған Ерікке қарата сонда:

-Айтпадым ба әліміз келмейді, -депті, даусы әрең шығып қырылдап жатып.

Мемлекеттік емтихан жүріп жатыр. Сырттай оқитын келесі студент жауап беруге комиссия мүшелерінің алдына барып отырды. Жауабын аяқтап бола бергенде, Қазақстан тарихы пәнінен мемемтихан төрағасы қосымша сұрақ қойды:

- Әлемдегі ең дамыған 50 елдің қатарына қашан кіреміз?
- Менен гөрі ол сіздерге анығырақ көрінеді ғой.
- Неге олай деп ойлайсың?
- Мен жерастында, шахтада жұмыс істеймін. Сіздер болсаңыздар жердің бетіндесіздер дегенім ғой.

Шахтер-студенттің жауабына риза болған комиссия мүшелері емтиханнан «бес» деген баға қойып жіберді.

Қала ішілік автобуста келе жатқан жетпісті алқымдап қалған ақсақал, бағанан

бері сөзге тартып қалжыңы жарасып қалған, қасындағы орындықта отырған орта жасқа келіп қалса да әлі өңін бермеген келіншекпен тағы бір қалжыңдасып қалғысы келіп:

- Жас кезінде талайдың көзінің құрты болған шығарсың , - деп қалды.
- Несі бар, болсақ болған шығармыз.
- Тісің маржандай екен.
- Рахмет.
- Сол тістеріңді ысатын ең болмаса щеткісі болсам ғой..
- Бәсе, шамаңыз солай сияқты...

Келіншек сылқ-сылқ күлген қалпы аялдамадан түспек болып орнынан көтеріліп бара жатты..

Қапелімде бейтаныс келіншектен ондай жауап күтпеген ақсақал, іштей «әй, кәрілік-ай, әй кәрілік-ай» дей берді.

Әлгі келіншек сәл алыстағанда өзіне-өзі: «Жас кезінде де қатырғаның шамалы ғой» деген сөз аузынан шығып кетті.

Үшеудің ортасында қылқиған бір жарты шөлмек. Үшеудің екеуі бір-бірімен әлденеге қызыл кеңірдек болып керісіп отыр. Шартабақ қызыл бет өршелене түседі гүж-гүж етіп. Жуырда қояр, басылар түрі жоқ. Ал,

дауысы күреңітіп отырған, жіңішке қылқи, қатқан қу қара болса, әлгінің сөзіне қатты шамданбай, сөз арасында ақырын:

-Сен сияқты, - деп қояды оның шабына тиіп.

АЙТҚЫШТАР-АЙ

«ҚАЗЫҚСЫЗ ШАРБАҚ, ЕРКЕКСІЗ ӘЙЕЛ ТҰРМАЙДЫ»

Қарқаралы (бұрынғы Қызыбек би) ауданы Абай атындағы кеңшардың директоры Серік Мұқанов монғолиядан ата жұртқа көшіп келген бір шопан ағайынның қыстағына ағаш шарбақтар апартып түсіріп:

– Осыны құрыңдар. Күн жылыда қой шарбақтың ішінде жататын болсын, деп кетеді.

Бір жұмадан кейін айналып әлгі қыстаққа соқса, шарбақтар сол күйінде жатыр.

Ашуға мініп мәшинеден түскен бетте үйден шыққан шопанға:

– Неге осы орындамайсыңдар айтқанды,- деп ашуға міне бергенде, шопан жайбарақат қана:

– Қазықсыз шарбақ, еркексіз әйел тұрмайды, – депті.

Шарбақтың орнататын қазығын әкелтуді ұмыт қалдырып кеткен өз кінәсін түсіне қойған Секең, УАЗ-ға отыра салып,

кеңшар орталығына барып, дереу қазық жіберткізіпті.

«МАЙДАНБЕКТЕН АРТЫҚ БІЛМЕЙДІ ЕКЕН»

Қарқаралы (бұрынғы Қазыбек би) ауданындағы «Балқантау» кеңшарының директоры болған Қабыл Құттин бір айтқыш адам еді. Бірде жалгерлік мердігерлікті шараушылықтарға енгізуге байланысты Қазақстанның 40 жылдығы кеңшарында облыстық ауылшаруашылық басқармасы мен ауданнан келген басшы, мамандар семинар өткізіп жатады. Басшылардың бірі, Алматыға экономистерінді оқу курстарына жіберіп, білімдерін көтергіндер деп қалады. Сөзді іліп әкеткен Қабекен:

– Алматыда бір жарым ай оқып қайтқан менің бас экономисім Майданбек (шаруашылықтың бас экономисі) солардың бәрі менен артық білмейді екен деп келді ғой. Несіне жібереміз деп, – отырғандарды бір ду күлдіріпті.

«ҚОЙДАН БҰРЫН ҚОЙШЫ ЫҒЫП ТҰР»

Қазыбек би (қазіргі Қарқаралы) ауданының «Комсомол» кеңшарында Сағат деген деген кісі қойшы екен. Көп сөйлемейтін Сағаттың жатыпатары да бар көрінеді.

Аудандық партия комитетінің хатшысы қыстың сақылдаған сары аязды күнінің бірінде, қой өріске өре қоймаған таңертеңгілік мезгілде Сағат қойшының қыстағына шаруашылық басшыларымен бірге сау етіп түсе қалады. Шопан болса қонақтарды мал базаның қасында қарсы алады. Ол кезде қойшыдан қойды бұрын сұрайтын заман еді ғой.

– Иә, Сәке, отарыңыз қалай, күйі жақсы ма? - демей ме хатшы.

– Қойдан бұрын қойшы ығып тұр, - дейді шопан.

Сөйтсе, шопанның үстіндегі күртешесі жыртық-жыртық, тозығы жеткен ескі екен.

Қушыкеш қойшының нені меңзеп айтып тұрғанын түсіне қойған хатшы, қасындағы нөкерлеріне «мына кісіге бір

шолақ тон алдыртып беріндер» деп, шұғыл тапсырма беріп, уәдесін кейін орындатқан көрінеді.

ТАНЫМАЙТЫН ТҰҢҒАТ ҚАЙДАН БІЛСІН

Аудандық «Балқантау» (бұрынғы Қазыбек би аудандық) газетінде фототілші Тұңғат Мұқанұлымен он жыл бірге қызмет істедім. Республикалық «Жас алаш» газеті байқауының (фото) жүлдесін де алған Тұңғат, біртоға, өз жұмысына мықты, фотомерген десе фото мерген болатын. Қушыкеш, әзілқойлығы да жетеді бір басына. Аңқаулығы да бар-тын.

Бір күні өмірден қайтқан жақын әжелерінің қырқына кісілерді шақыру Тұңғатқа жүктеліп, дәптерге жазылған аты-жөндері бойынша телефонмен кісілерді құранға шақырып отырады. Құрманбай деген (тізімде солай деп жазылып, бата жасалған) кісінің үйіне телефон шалса, арғы жағынан жастау жігіттің даусы естіледі.

– Күрекең бе? Ол кісі бар ма екен?- дейді.

– Жоқ,-дейді.

– Қайда екен,- дейді.

– Нефтебазға кеткен,- дейді арғы жақтан.

– Қашан келеді?- дейді Тұңғат.

– Келмейді,- дейді .

– Неге?- деп айта беріп, түсіне қойған Тұңғат, телефон тұтқасын сасқанынан тастай салыпты.Сөйтсе, бата жасағанда сол үйдің бәйбішесі марқұм шалының атын жаздырта салған ғой.Білмейтін Тұңғат қайдан білсін. Телефонның арғы жағындағы бала да қу тілді болса керек.Нефтебаза деп тұрғаны, бейіт сол жақта болған ғой.

МАЗМҰНЫ

Бәтеңке жыры	3
Тұрақтамасов	5
Кеше, бүгін...	6
Жаңсақ мансап	8
Ала сиыр ажалы	10
Ауылдағы жекешелендіру	12
Жуынды екен	15
Құлақтың түрлері	18
Оңалмасов	21
Сыпсыңкүл	23
Жепішев	26
Біздің Қырмыш	29
Бүгінгі ән	31
Бірқақпайлар	33
Сатиралық жұмбақтар	48
Сатиралық жаңылтпаштар	50
Білмесбек	51
Өсемін десең	53
Осы, несіне күлеміз?!!	55
Қысқартудың құйтырқысы	60
Таныс пен «шанс»	63
Байимын десең...	66
Жыртый мен Тыртый	69
«Халал» той	72

Мәні майысқан тіркестер	75
Әзіл-шыны аралас	76
Кредит ағай	76
Емтиханнан құтқарған «Құйыршық»	80
Мантыға тойып алып, ет жеу	82
Қай шешен айтты?	85
Әй, Мәден жездем-ай	87
Бірде...	92
Айтқыштар-ай	97